



ПРИКАЗ

030018, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,
Ақжар 2, Қ. Мұқанбетханов, 20.
тел/факс: 8 (7132) 74-91-12

030018, Актюбинская область, город Актобе,
Ақжар 2, Қ. Мұқанбетханов, 20.
тел/факс: 8 (7132) 74-91-12

« 2 » қыркүйек 2024 ж № 13

**Жалпы білім беретін орта мектептегі
білім алушылар мен тәрбиеленушілердің
жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен
тамақтандыруды ұйымдастыру туралы**

Ақтөбе облысының білім басқармасы «Облыстық мәслихаттың 2022 жылғы 14 желтоқсандағы №158 «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Ақтөбе облыстық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі №13 шешімі негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 09.01.2024 ж №2/3985 шығыс хаты 2023-2024 оқу жылының II жарты жылдығы бойынша 1-11 сынып оқушыларына тегін ыстық тамақ ұйымдастыру және Ақтөбе қаласының білім бөлімі ММ-нің 12.01.2024 ж №02-03/63 шығыс хаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 Қаулысы негізінде және Қазақстан тағамтану академиясымен, Ұлттық денсаулық сақтау орталығының мамандарының нұсқаулығымен дұрыс тамақтануының 2 апталық ас мәзірінің бірыңғай стандартын қолдана отырып, тегін тамақтандыруды ұйымдастыру негізінде

Бұйырамын:

1. Ақтөбе облыстық білім басқармасымен бірлесіп келісілген ас мәзірі негізінде бір оқушыға тамақтану құны ҚҚС есепке алғанда 607 теңгемен есептелініп, ұйымдастырылсын.
2. Мектепте бекітілген жекелеген санаттағы білім алушылардың тегін ыстық тамағын ұйымдастыруға арналған 2 апталық ас мәзірі 2024 жылғы 2 қыркүйектен бастап енгізілсін.

I ауысым

1 А, 1 Ә - 10:10-10:20

4 А, 4 Ә - 08:45-08:55

4 Б, 8 А, Ә, 9 А, Ә, 10 А, Ә, 11 - 09:40-09:50

II ауысым

2 А, 2 Ә - 14:45-14:55

3 А, 3 Ә - 15:40-15:50

3 Б, 5 А, Ә, Б, 6 А, Ә, 7 А, Ә - 16:35-16:40

Тамақтанатын бала саны барлығы: 283 оқушы.

3. Мектеп асханасындағы тамақтану жұмысының санитарлық-гигиеналық тазалығы талаптарға сай жүргізілсін.
4. Жекелеген санаттағы білім алушылардың құжаттарының тізбегін ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына 10 қосымшасына сәйкес жүргізілсін.
5. Оқушылардың белгіленген уақыт кестесіне сай тамақтануы класс жетекшілерге міндеттелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау әлеуметтік педагог А.Жумахановаға жүктелсін.

Мектеп директоры

А.Қ.Ермағамбетова

